

«№119 жалпыорта білім беретін мектеп» КММ

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН ҚАМТЫЛУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ

№1 ХАТТАМАСЫ

Күні: 11.09.2025 ж.

Қатысқандар, БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1. Мектеп директоры – Алдажар Г.Ж
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Серікова Г.Б
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Батырхан Б.С
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Мусина Л
5. Әлеуметтік педагог- Кендірбай С.М
6. Ата-ана – Аргинбекова С.Ж
7. Медбике – Итенова А.М

Барлығы: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Тыңдалды:

1. **Әлеуметтік педагог – Кендірбай С.М,** Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 13-қосымша негізінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсету мақсатында оқушылар тізімі ұсынылды.
2. **Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау, бастауыш сынып оқушыларының тамақтандыруға бару кестесі**
Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 3 уақытта ұйымдастырылды.

Мысалы:

I ауысым

1-3 сынып оқушылар үшін – 09.35 – 09.45

5-8-10 сынып оқушылары үшін – 10.35 – 10.50

II ауысым

4,5,6,7 сынып оқушылары үшін – 15.35-15.45

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп


мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.


Шешімі:


1. Ата-аналардан келіп түскен өтініш негізінде жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітілсін.
2. 2025-2026 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылсын.

Бракераждық комиссия мүшелері:

Мектеп директоры – Алдажар Г.Ж. 

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Серікова Г.Б. 

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Батырхан Б.С. 4. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Мусина Л. 

Әлеуметтік педагог – Кендірбай С.М. 

Ата-ана – Аргинбекова С.Ж. 

Медбике-Итенова А.М. 